

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ

СПОРТ ЖӘНЕ ӨНЕР ФАКУЛЬТЕТІ

«БЕКІТЕМІН»

Қабылдау комиссиясының төрағасы,
университет ректоры

Ж.А.Темірбекова

05 2025 ж.



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

Дайындау бағыты: 6B021-Өнер


Білім беру бағдарлама тобы: B027- Театр өнері

Құрастырғандар:

ҚР Мәдениет саласының үздігі, аға оқытушы  А.Сейтметова

ҚР Мәдениет саласының үздігі, аға оқытушы  Ұ.А.Кулетова

Шығармашылық емтихан бағдарламасы «Орындаушылық өнер» кафедрасының мәжілісінде талқыланды. Хаттама № 8 «08» сәуір.....2025 ж.

Кафедра меңгерушісі, ҚР Мәдениет саласының үздігі  Д.Ельжанов

Факультеттің оқу-әдістемелік комитетінде мақұлданды,
Хаттама № 8 «10» сәуір.....2025 ж.

Оқу-әдістемелік комитет төрағасы  Ұ.А.Кулетова

Факультет деканы, PhD аға оқытушы  А.О.Рахымжанов

Келісілді:

Академиялық мәселелер вице-ректоры  Э.Идрисова

Университеттің оқу-әдістемелік комитетінде бекітілді,
Хаттама № 10 «22».....05.....2025 ж.

Мазмұны

1. Жалпы ережелер, емтиханның мақсаты мен міндеттері	4
2. Емтиханды ұйымдастыру тәртібі	4
3. Бірінші шығармашылық емтиханды өткізу талаптары мен бағалау көрсеткіштері	5
4. Екінші шығармашылық емтиханды өткізу талаптары мен сұрақтар тізімі, бағалау көрсеткіштері	6

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

В027 – «Театр өнері» білім беру бағдарламалары тобы бойынша шығармашылық емтихан өткізудің осы бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №600 бұйрығы негізінде жасалған.

Шығармашылық емтихандарды өткізу шығармашылық емтиханды талап ететін білім беру бағдарламалары тобы бойынша оқуға түсуші құжат тапсырған жоғары оқу орнында жүргізіледі.

Шығармашылық емтихан нысаны мен нәтижелерін бағалау осы бағдарламаға сәйкес анықталады.

В027 – «Театр өнері» білім беру бағдарламасы тобы бойынша талапкерлерді қабылдауға арналған шығармашылық емтиханның жеке алғы шарттарының мүмкіндіктерін анықтау. Өтініш берушінің біліктілігіне сәйкес келетін кәсіби тапсырмаларды орындатып шығармашылық дайындығын анықтау. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің В027 -«Театр өнері» білім беру бағдарламалары тобына құжат тапсырған талапкерлер арасынан шығармашылық және өнер саласына бейімі бар, дарынды жастарды іріктеп алу және келешекте олардың осы сала бойынша жоғары білім алуына жол ашып, бағыт-бағдар беру.

Шығармашылық емтихан 50-баллдық жүйемен бағаланады және жинақталған балдың ең төменгі көрсеткіші 5 баллдан төмен болмауы керек.

2. Емтиханды ұйымдастыру тәртібі

Шығармашылық емтиханның кестесін (емтихан өткізу нысаны, мерзімі, күні, уақыты мен өткізу орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және құжаттарды қабылдау басталмай тұрып, алдын ала кешіктірмей талапкерлерге хабарлайды.

Талапкерлер шығармашылық емтихан өткізілетін аудиторияға жеке басын куәландыратын құжатты көрсетіп кіреді. Шығармашылық емтихандар видео және/немесе аудио жазбамен қамтылған аудиторияларда (орындарда) өткізіледі. «5»-тен төмен балл алған оқуға түсуші келесі емтиханға жіберілмейді.

Шығармашылық емтихан басталғанға дейін талапкерге шығармашылық емтиханды өткізу тәртібі түсіндіріледі, шығармашылық емтихан басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялау уақыты мен орны, апелляцияға өтініш беру процедуралары айтылады.

В027 -«Театр өнері» білім беру бағдарламасы бойынша:

I-шығармашылық емтихан: «Актер шеберлігі», «Сахна тілі»;

II-шығармашылық емтихан: «Би», «Вокал».

Шығармашылық емтихан қорытындысы комиссия хаттамасымен рәсімделеді және нәтижелерді хабарлау үшін қабылдау комиссиясының жауапты

хатшысына беріледі. Комиссия хаттамасына төрағаның және барлық қатысқан комиссия мүшелерінің қолы қойылады.

Қабылдау емтихандарын өткізу кезеңінде шығармашылық емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсырушы адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында Ректор бұйрығымен, төрағасын қоса алғанда, құрамы тақ саннан тұратын апелляциялық комиссия құрылды.

Апелляцияға өтінішті шығармашылық емтихан тапсырған тұлға апелляциялық комиссия төрағасының атына өтінішті өз атынан береді және шығармашылық емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссия өтінішті бір жұмыс күні ішінде қарайды.

I - Шығармашылық емтиханды өткізу талаптары мен бағалау көрсеткіштері

Оқуға түсуші талапкер автордың айтайын деген ойын, талап-тілегін тыңдаушысына толық жеткізе білуі керек:

- Проза (үзіндіні жатқа оқу);
- Поэзия (жатқа оқу);
- Мысал-сықақ әңгімелерден үзінді оқу;
- Эюд (өмір құбылысынан шағын көрініс)

Оқуға түсуші әр түрлі жанрдағы әдеби шығармалардан үзінділерді жатқа оқуы керек. Оқуға түсуші прозадан үзінді оқу арқылы сенім шындығы мен көру, бақылау қабілетін көрсетіп, мысал арқылы сөз астарын ашу және мимикалық әрекет ньюанстарын, өлең оқу арқылы зейін және сезім шындығын көрсете алады. Эюд орындау арқылы кеңістік пен өлшемді дұрыс пайдалану, елестету, сезіну функцияларын аша алады.

Шығармаларды орындау кезінде келесі қабілеті мен білім деңгейі ескеріледі:

- Талапкер оқыған шығармасы арқылы автордың айтайын деген ойын, оның мазмұнын аша білуі. Тілдің тазалығы мен сөздің анық болуы.
- Талапкердің сахналық түр келбеті болуы тиіс, физикалық жағынан және сөз сөйлеу мәнерінен кемшіліктер болмауы керек.
- Бойы 165 см-ден төмен болмауы керек.

I-шығармашылық емтихан бойынша бағалау өлшемі:

№	Балл мөлшері	Баллдың бағаға сәйкестігі	«Орындаушылық шеберлік» емтиханының нәтижесі
1	«50-40» балл	«5-өте жақсы»	Оқыған шығармасы арқылы автордың айтайын деген ойын, оның мазмұнын аша білуі өте жақсы. Тіл тазалығы мен сөз саптауы өте жақсы. Сахналық түр келбеті, дене сымбаттылығы өте жақсы. Сөз сөйлеу барысында кемшіліктері жоқ. Талапкердің еркіндігі, сенім, сезімі өте жақсы;

2	«39-25» балл	«4-жақсы»	Оқыған шығармасы арқылы автордың айтайын деген ойын, оның мазмұнын аша білуі жақсы. Тіл тазалығы мен сөз саптауы жақсы жақсы. Сахналық түр келбеті, дене сымбаттылығы жақсы. Сөз сөйлеу барысында кемшіліктері жоқ. Талапкердің еркіндігі, сенім, сезімі жақсы;
3	«24-5» балл	«3-қанағаттанарлық»	Оқыған шығармасы арқылы автордың айтайын деген ойын, оның мазмұнын аша білуі орташа. Тіл тазалығы мен сөз саптауы орташа. Сахналық түр келбеті, дене сымбаттылығы жақсы.
4	«4-0» балл	«2-қанағаттанарлық-сыз»	Оқыған шығармасы нашар. Тіл тазалығы мен сөз саптауы нашар.

II - Шығармашылық емтиханды өткізу талаптары мен бағалау көрсеткіштері

Оқуға түсуші талапкердің есту және есте сақтау қабілеті, ырғақ, сезім, музыкалық сауаттылық, ән салу, биге икемділік қабілеті қаралады.

- Вокал (қазақтың халық әндерін, халық композиторларының, шетел әндерін эстрадалық немесе академиялық жанрда сүйемелдеумен (қалаған аспабымен) орындай алуы);

- Би (классикалық, халық немесе заманауи би композициясы, пантомимо)

Бұл емтиханда оқуға түсушінің шығармашылық деңгейі бағаланады:

- Талапкер өзінің сахналық мәдениетін, талғамын, ептілігін, музыкалық қабілетін, пластикасын көрсете білуі шарт.

- Талапкер дауыс иірімін, дауыс диапазонын, есту, сезіну, би қабілетін көрсетуі керек.

II- шығармашылық емтихан бойынша бағалау көрсеткіштері:

№	Балл мөлшері	Баллдың бағаға сәйкестігі	«Есту, есте сақтау және музыкалық қабілет»
1	«50-40» балл	«5-өте жақсы»	Сахналық мәдениеті, ойлау қисыны, талғамы, музыкалық қабілеті өте жақсы. Дауыс иірімі өте жақсы, дауыс диапазоны кең, есту, сезіну, көру қабілеті өте жақсы. Дене сымбаттылығы мен икемділігі, биге ептілігі өте жақсы. Бойы биік, дене құрылымы сахналық қалыпқа сай.
2	«39-25» балл	«4-жақсы»	Сахналық мәдениеті, ойлау қисыны, музыкалық қабілеті жақсы. Дауыс иірімі

			жақсы, дауыс диапазоны кең, есту қабілеті жақсы. Дене сымбаттылығы мен икемділігі, биге ептілігі жақсы. Бойы биік, дене құрылымы сахналық қалыпқа сай.
3	«24-5» балл	«3-қанағаттанарлық»	Музыкалық қабілеті орташа. Дауыс диапазоны орташа, есту қабілеті орташа. Дене сымбаттылығы мен икемділігі, биге ептілігі орташа. Бойы орташа, дене құрылымы сахналық қалыпқа сай.
4	«4-0» балл	«2-қанағаттанарлық-сыз»	Музыкалық қабілеті нашар. Дауыс диапазоны тар, есту қабілеті өте нашар. Биге икемділігі жоқ. Бойы төмен, сахналық қалыпқа сай емес.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Негізгі әдебиеттер:

1. Актер шеберлігі: теория және тәжірибе. Оқулық Алматы, «Лантар Books» баспасы, 2022 ж А.Б.Құлбаев.
2. Актерлік іс-әрекеттерге машықтандыру. Оқу құралы. Тұран баспасы, Түркістан 2016 ж. К. М. Сейтметов, А. М. Сейтметова.
3. Д.Тұранқұлова. Сырлы сөз – сахна сәні: Оқу құралы/Алматы: «Білім» баспасы, 2016, ISBN 978-9965-09-884-0, РМЭБ
4. Д.Тұранқұлова. Көркемсөз оқу шеберлігі. Оқу құралы/Алматы: «Лантар Books», 2022 ж.
5. Жеке ән салу. Оқулық.. –Алматы: «Полиграфия-сервис и К» 2019 ж. Г.Г. Сапарғалиева
6. Халықтық-сахналық би режисурасының негіздері. Оқу құралы. А. Алишева. - Нұр-Сұлтан: 2019.

Қосымша әдебиеттер:

1. Тұранқұлова Д.Сахна тілі: Оқулық, Алматы: «Лантар Books», 2022
2. Төлебаев, М. Әндері мен романстары [Ноталар]. 1 - кітап : Қазақ халық аспаптар оркестріне лайықталған шығармалары / - Алматы : Алматы - Болашақ, 2014
3. Сахнадағы сымбаттылық. Әдістемелік нұсқау.–Алматы: Қазақ университеті, 2015 ж. А.Б. Құлбаев

Web сайттар:

1. chaikinavika1972.jimdo.com/упражнения-по-сценической-речи
2. oldkazakh-tv.softdeco.net/kaz/culture/.../Sahna_tili_www.twirpx.com > ... > [Актерское мастерство](#) > [Сценическая речь](#)
3. www.belcanto.ru